


М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті



**М. Өтемісов атындағы БҚМУ
Ғылыми кеңесінің
2020 жылғы «16» наурыздағы
№5 хаттамасымен бекітілді
Серғалиев - Н.Х. Серғалиев**

**М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ӘДЕП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Орал қ., 2020 ж.

Мазмұны:

Алғысөз

- 1 Жалпы ережелер
2. Әдептің құндылықтары мен принциптері
- 3 Қарым-қатынастардың этикалық нормалары
4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері
- 5 Мінез-құлық ережелері
6. Әдеп жөніндегі уәкіл институты
- 7 Қорытынды
8. Жауапкершілік

Алғы сөз

Біз кімбіз. М.Өтемісов атындағы БҚМУ 1932 жылы педагогикалық институт ретінде құрылды. 2000 жылғы 14 ақпанда ҚР Үкіметінің №236 қаулысымен Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қарашадағы №342 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне Махамбет Өтемісовтің есімі берілді.

Біздің мүддеміз – халықаралық стандарттар деңгейінде ғылыми-зерттеу және білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту негізінде жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейін үздіксіз білім беру, оқытудың озық технологияларымен және қазіргі заманғы білім беру инфрақұрылымымен қамтамасыз ету

1. Жалпы ережелер

1 Университеттің осы әдеп ережесі Халықаралық Еңбек Ұйымының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және университеттің өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және университеттің барлық қызметкерлері басшылыққа алатын қағидалар мен қағидаттардың жиынтығын білдіреді.

2. Осы ереженің мақсаты университетте корпоративтік мәдениетті дамыту және мінез-құлықтың үздік практикасын қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылды құру болып табылады.

3 Университет Жалғыз акционермен, университеттің лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен, басқа да мүдделі тұлғалармен және жалпы қоғаммен өзара қарым-қатынаста, университеттің лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен кездесетін стратегиялық маңызды, сондай-ақ күнделікті жағдайларда корпоративтік шешімдерді қабылдау үшін осы Ережелердің талаптарын қабылдайды және ұстанады.

4. Осы ережеде мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

Әдеп – университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік мінез-құлықтың әдептілік қағидаттары мен нормаларының жиынтығы;

Лауазымды тұлғалар ректор, проректорлар, өзге де лауазымды тұлғалар..

Мүдделі тұлға – заңнамамен және Жарғымен қарастырылған құқықтардың жүзеге асырылуы университеттің қызметімен байланысты тұлға;

Ережелер – университеттің әдеп ережелері,

Мүдделер қақтығысы – университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке қызығушылығы оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

Корпоративтік мәдениет – бұл университетке тән құндылықтар, мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынастар;

Қызметкер университетпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам.

2. Әдептің құндылықтары мен қағидаттары

2.1. Университеттің негізгі корпоративтік құндылықтары:

- Меритократия: әрқайсысының үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділдік пен объективтілік.
- Құрмет: команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау.
- Адалдық: университет шінде және серіктестерге деген адалдық.
- Ашықтық: байланыстар мен серіктестерге ашықтық.
- Командалық рух: бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық.
- Сенім: өзара көмек және сенім мәдениетін ұстану.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік.

1.2. Университет қызметі этика және мінез-құлық ережелері талаптарын сақтауға негізделген университет пен барлық мүдделі тұлғалардың қарым-қатынастарына негізделген. Өзара міндеттемелерді сақтау сындарлы жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

3. Қарым-қатынастардың этикалық нормалары

3.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері

3.1.1. Университет өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- адам құқықтарының сақталуы мен құрметтелуін қамтамасыз етеді,
- мүдделі тұлғалармен барлық қарым-қатынастың өзара тиімді болуына ұмтылады;
- қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларына сәйкес өздігінен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды;
- орындалатын жұмыстың біліктілігі, күрделілігі және сапасына қарай университет қызметкерлеріне еңбегі үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз етеді,
- нәсілдік, дини, ұлттық, жыныстық, жас, саяси және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді, кадрларды іріктеу мен жоғарылату тек қана біліктілік талаптарына сәйкестік негізінде, кәсіби қабілеттерін, білімі мен дағдыларын ескере отырып жүзеге асырылады;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сондай-ақ қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;
- заңнамамен және университеттің ішкі құжаттарымен бекітілген шекте құпия ақпараттың жария етілмеуін қамтамасыз етеді,

- қақтығыстар туындаған жағдайда университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында ашық және сенімді диалог үшін жағдайлар жасайды, еңбек даулары мен қақтығыстардың алдын алу/болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдайды, медиация рәсімдерін қолданады;

- іске асырылуы университет үшін оң әсер ететін қызметкерлердің бастамашыл идеялары мен ұсыныстарын бағалап көтермелейді,

- барлық тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, заңды негізден басқа лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді,

- осы үрдістің барлық кезеңінде туындаған мүдделер қақтығысынан бос шешім қабылдайтын лауазымды тұлғадан бастап кез келген қызметкерге дейін шешім қабылдауға жауапты болады;

- лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының шегінде де, сондай-ақ шетелге де (Жалғыз акционермен келісім бойынша) іссапарға жіберілуі мүмкін.

3.2. Мемлекеттік органдар

3.2.1. Университеттің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, осы қағидаларға және университеттің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Тараптардың тәуелсіз-дігі негізінде, мемлекеттік органдар тарапынан да, университеттің лауазым-ды адамдары мен қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттерге жол бермеу қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері

4.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері.

- Мемлекеттік ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн сияқты мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға;

- корпоративтік рәміздерге құрметпен қарауға;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

- сыпайы және әдепті болуға,

- немқұрайлылық пен дөрекілікке төзбеуге;

- әріптестерге қолдау мен көмек көрсетуге;

- толық көлемде көрсетілмесе де, көмегі үшін әрдайым ауызша алғыс айтуға;

4.2. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздеріне келесідей міндеттемелерді алады:

- осы Ережеде белгіленген этика талаптары мен мінез-құлық ережелерін мұқият зерделеп, түсініп және адал орындауға;
- өзінің лауазымдық қызметтері мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және бейтарап орындауға,
- мәртебе мен лауазымнан тыс өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін жауапкершілік алуға;
- әдеп қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын бұзу мәселелері бойынша тергеу жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге;
- басқа жеке және заңды тұлғалардың ар-намысына тиетін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы олардың ар-намысына тиюі мүмкін, абыройы мен беделін қорғау үшін сот талқылауына әкеп соғатын тікелей немесе жанама сипаттама бермеуге;
- ереженің талаптарына сәйкес келетін басқарушылық шешімдер қабылдауға;
- Ереже талаптарына адалдығын жеке үлгісімен көрсетуге;
- қарамағындағылар арасында корпоративтік рухты қалыптастыруға, ұжымды университеттің ортақ мүддесі, құндылықтары мен қағидаттарына жұмылдырылған командаға біріктіруге уақыт бөлуге;
- қол астындағыларға кеңес пен тәлім беруге;
- шешім қабылдау кезінде ашықтық пен бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алуға;
- құпиялылық нормаларын бұзбай және Жалғыз акционердің шешімдері мен актілерін және университеттің ішкі құжаттарын ескере отырып, уақтылы сенімді ақпарат ұсынуға;
- Университет қызметкерлері этика мен мінез-құлық ережелері талаптарының сақталмауына еркін аландаушылық білдіретін мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру Этика және мінез-құлық ережелері талаптарының сақталуын жеке үлгісімен көтермелеуге;
- еңбек тәртібін сақтауға;
- жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптарын сақтауға;
- мүлікке ұқыпты қарауға;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
- Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
- келтірілген залалды Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтеуге;
- өтініштерге, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарына уақтылы ден қоюға,

- салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, оның ішінде зейнетақы қорларына, сондай-ақ университет қызметкерлерінің жалақысын уақтылы төлеу бойынша шаралар қабылдауға;
- өз құзыреті шегінде университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты жұмыс жүргізуге;
- өз қызметінде және ЖЖОКБҰ қызметінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;
- ЖЖОКБҰ қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізуге;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шараларын қабылдауға;
- ЖЖОКБҰ қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастырып, сақталуын қамтамасыз етуге;
- ЖЖОКБҰ-ның Академиялық саясаты нормаларының және академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- ЖЖОКБҰ-ның барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылатын ЖЖОКБҰ-ның Академиялық саясатының нормаларын, академиялық адалдықты ілгерілетуді және қорғауды қамтамасыз етуге;
- академиялық адалдық қағидаттарына және ЖЖОКБҰ академиялық саясатының нормаларына негізделген ЖЖОКБҰ қызметкерлеріне жүктелген міндеттердің адал орындалуын қамтамасыз етуге;
- білім алушылар мен ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің академиялық адалдық қағидаларын және ЖЖОКБҰ академиялық саясатының нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге;
- Академиялық адалдық қағидаттарын және өзара құрмет пен әділдікке негізделген ЖЖОКБҰ академиялық саясатының нормаларын егетін ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің жоғары жауапкершілігін қамтамасыз етуге;
- профессор-оқытушылар құрамын конкурстық іріктеу рәсімі кезінде айқындық пен ашықтықты қамтамасыз етуге және ЖЖОКБҰ-дағы рәсімдердің ашықтығын бақылауға;
- ЖЖОКБҰ-да мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қатаң түрде жүргізуді қамтамасыз етуге;
- байқау кеңесімен бірлесіп білім алушылардың ата-аналары, ЖЖОКБҰ ұжымдары және жұртшылық алдында, оның ішінде бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты жұмсау, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ның қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есеп беру кездесулерін өткізуге;
- ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ЖЖОКБҰ-ның ресми интернет-ресурстарында ЖЖОКБҰ-ның тарифтелуі мен штаттық кестесін жариялауды қамтамасыз етуге;

- қызметтік құпияны, сондай-ақ қызметтік ақпараттың жария етілмеуі шараларын қабылдауға;
- жұмыс берушімен іссапарларды, жоғары тұрған органдарға өтініштерді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды жазбаша түрде келісуге.

5. Мінез-құлық ережелері

5.1. Корпоративтік мәдениет

5.1.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері әдеп ережесінің талаптарын түсіне отырып, басқа әріптестермен әдеп қағидаттары, қабылданған іскерлік мінез-құлық қағидалары саласындағы өз білімдерімен бөлісе отырып, әдеп талаптарын сақтай отырып, құқық бұзушылықтардың алдын ала отырып, университетте корпоративтік мәдениеттің дамуына үлес қосуы тиіс.

5.1.2. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері корпоративтік рухты қалыптастырып, Кодекс талаптарының сақталуын келесі тәсілдермен қолдауы тиіс:

- қол астындағылармен жеке түсіндіру кездесулері,
- жеке үлгісі, яғни өзінің мінез-құлқын жұмысшыларына үлгі ретінде пайдалануы;
- талаптарды сақтау жұмыс орнындағы тиімділіктің міндетті факторы болып табылатынын жалпыға бірдей түсініктілігін қамтамасыз етуі.

5.1.3. Университеттің лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға тиіс.

5.1.4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері келіссөздер жүргізу кезінде дұрыс және құрметпен сөйлесуі тиіс.

5.1.5. Университеттің барлық қызметкерлері корпоративтік ойын-сауық немесе спорттық іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, қызметкерлер арасында корпоративтік рухты арттыру мақсатында болатын іс-шараларды өткізу жөніндегі ұсыныстарды өздері енгізе алады.

5.1.6. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері университеттің құжат айналымы жөніндегі ережелерін сақтауға және барлық қажетті құжаттарды тәртіпте сақтауға міндетті. Университеттің барлық қызметкерлері өз жұмыс орындарын ұқыпты және көрнекті түрде сақтауы керек.

5.2. Қоғаммен байланыс

5.2.1. Университет қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттардың сақталуын қадағалайды. Университет басшы қызметкерлердің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде,

өзінің ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе жұртшылықпен байланыс жөніндегі басқа да іс-шараларда жалған ақпарат таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

5.2.2. Көпшілік алдында сөз сөйлеу, университет оқиғаларына түсінік беру немесе әлеуметтік желілерді қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында университет атынан қандай да бір мәлімдеме жасау құқығы тек осыған өкілеттігі бар университеттің лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне ғана беріледі, бұл ретте осы жария мәлімдемелер Жалғыз акционермен келісілуі тиіс.

5.2.3. Университет атынан сөз сөйлеу кезінде қызметкерлер жалпы қабылданған кәсіби мінез-құлық пен этика нормаларын ұстануға, тек сенімді ақпаратты таратуға, сондай-ақ әлеуметтік, нәсілдік және ұлттық араздықты қоздыратын ақпараттың таралуына жол бермеуге міндетті.

5.2.4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметтік іс-әрекет және жалпы университет қызметінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- университет қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- университеттің қызметтік ақпаратын ашатын болса;
- университет лауазымды тұлғаларының атына бейәдеп сөздер айтылса көпшілік алдында білдірмегені жөн.

5.3. Бақылау шаралары

5.3.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Ережелердің талаптарын қатаң сақтауға және университет талаптарының бұзылуы туралы хабарлауға міндетті.

5.3.2. Университеттің лауазымды тұлғалары университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі құндылықтар мен әдеп қағидаттарын ескере отырып, іскерлік шешімдер қабылдайды және өздерінің алдына қойылған міндеттерді толық жүзеге асыруға жауапты болады.

5.3.3. Университеттің тиісті қызметкерлері құзыретіне сәйкес әдеп талаптарын бұзумен байланысты мәселелерге жауап беруге міндетті.

- жағдайды түзету және кемшіліктерді жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;
- заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік сипаттағы пәрменді шараларды қабылдап/ұсынуға;
- университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен/органдарымен оларға қажетті мәліметтерді ұсына отырып, кеңестер өткізуге.

Бұл іс-әрекеттер университеттің ішкі тәртібіне сәйкес ресімделуі тиіс.

5.3.4. Университет ережелерді ашық талқылауға дайын қызметкерлерді көтермелейді және оны жетілдіру жөніндегі кез келген сындарлы ұсыныстарға оң қарайды.

5.3.5. Ереже талаптарына қатысты және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ ереже талаптарын бұзу фактілері, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер бойынша университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ іскерлік серіктестер және мүдделі тұлғалар:

- тікелей басшыға, әдеп жөніндегі уәкілге;
- университет қызметкерлері тарапынан әдеп талаптарын бұзудың мән-жайы анықталған жағдайда, шешім қабылдау үшін материалдар университеттің кадр қызметіне немесе Жалғыз акционерге жіберіледі.

6. Әдеп жөніндегі уәкіл институты

6.1. Әдеп жөніндегі уәкілдің құқықтары мен міндеттері

- Әдеп жөніндегі уәкілді университет ректоры 2 жылда 1 рет тағайындайды.

- Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі қызметі ереже талаптарының сақталмауы туралы мәліметтерді жинау, жұмыскерлерге, лауазымды адамдарға ереже талаптары жөнінде кеңес беру, ереже талаптарын бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оған қатысу болып табылады.

6.2. Әдеп жөніндегі уәкілдің құқығы:

- келіп түскен өтініштер негізінде де, сондай-ақ өз бастамасы бойынша да ереже бұзушылықтарды анықтау жөніндегі рәсімдерді жүргізуге бастамашылық жасау;

- ережелерді сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға жеке жүгіну;

- жұмыскерлерге, лауазымды адамдарға ереже талаптарын түсіндіру және түсініктеме беру

6.3. Әдеп жөніндегі уәкіл міндетті.

- ережені бұзу мәселелері бойынша дауларды қарау рәсімін жүргізу кезінде, мұндай істерді қарауға бастамашылық ету себебінен қызметкерлерді мәжбүрлеп жұмыстан шығару жағдайлары туындаған жағдайда оларды қорғауды (еңбек заңнамасында белгіленген рәсімдер шеңберінде) қамтамасыз етуге;

- ережелердің сақталмауына қатысты мәселелерді қарауға қатысуға,
- ереже талаптарының сақталмауы мәселесімен қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ іскер серіктестер мен мүдделі тұлғалардың өтініштерін есепке алуды жүргізуге;

- олар өтініш берген жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде университет қызметкерлеріне ереже талаптарына түсініктеме беруге;
- ережені сақтамау мәселелері жөніндегі дауларды қарастыруда тәуелсіздік пен бейтараптық сақтауға;
- ереже талаптарын бұзу фактісі бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды тұлғаның аты-жөнін көрсетпеді қамтамасыз етуге (аты-жөнін атамауды қалаған жағдайда).

7. Қорытынды


7.1. Университеттің Директорлар кеңесі өзектендіріп жетілдіру мақсатында осы ережелердің талаптарын қайта қарайды және жетілдіреді, олардың практикада қандай шамада іске асырылып жатқанын талдайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда мүдделі тұлғалардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып, оған өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізеді.

7.2. Ережені іске асыруды іс жүзінде қолдану мақсатында қабылдануы қажет ұсынымдар белгіленген тәртіппен университет Басқармасының қарауына шығарылып бекітілуі мүмкін.


8. Жауапкершілік

8.1 Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, еңбек шартына, осы Ережеге, сондай-ақ жұмыс беруші айқындайтын шешімдер мен актілерге сәйкес жауапты болады.

Құрастырушы:

Әкімшілік бөлімінің жетекшісі  Журавлева Н.Н. 13.03. 2020 ж.

Келісілді:

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор  Тасмагамбетов А.С. 13.03. 2020 ж.

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор  Ахмеденов К.М. 13.03 2020 ж.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор  Даришева Т.М. 13.03 2020 ж.

Заңгер  Муканов Д.Е. 13.03 2020 ж.